

№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінің Біртұтас тәрбие бағыты бойынша атқарылған жылдық қорытынды.

2023-2024 оқу жылында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және суицидтің алдын алу бойынша қыркүйек айында жылдық жоспар жасалынып, жоспар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.

4 қыркүйектен бастап барлық сыныптарда сынып сағаттары өтіліп, оқушылар адам өмірі қауіпсіздігі ережелерімен, оның ішінде көшеде жүру ережелерімен таныстырылды. Қыркүйектің 4-5-і аралығында барлық сыныптарда кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз оқиғаның алдын алу бойынша сынып сағаттары мен жиналыстар өткізілді.

«Көшеде сақ бол» тақырыбында айлық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сәйкес барлық берілген іс-шаралар уақытылы өз деңгейінде өтілді. Барлық сыныптарда «Көшеде жүру ережесі» бұрыштары жасалынып, «Мектепке барар жол» оқушылар мен үй мен мектеп арасындағы жол сызбасын күнделіктеріне сызды. Бастауыш сыныптарда «Сақ бол балақай» ертеңгіліктері мен сынып сағаттары өткізілді.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 7-11 сынып ер балаларына мектеп инспекторы Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Б.Раев жиналыс өткізді.

"Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Н.Рыстай, ДТІЖО Қ.Нәсір 9-сынып оқушыларына Жастар мен жасөспірімдер арасында олардың білімін арттыру және Деструктивті діни ағымдардан сақтандыру тақырыбында еркін әңгіме жүргізіп, сұрақтарына жауап берді.

"Дін мәселелеріне зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы Өтеген Бердуәлі, "Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Рыстай Назарбай, ДТІЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларына жиналыс өткізді.

«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік пен өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік пен өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу.

Іс шараға ААОА-ның акушер-геникологы А.Н. Акимкулова, ӘПСКС меңгерушісі Ж.Қ. Абылова, Арыс АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры А.Мырзахметова, «Жастар ресурстық орталығының» психологы Д.Тәжі, мектепшілік әжелер алқасының мүшесі А.Асанованың қатысуымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік пен өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары кеңінен насихатталды.

«Мүлдем төзбеушілік» іс-шарасы аясында мектеп оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Онда кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз көшеде жүрулеріне болмайтыны айтылды. Және кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін заңды өкілдерінсіз ойын-сауық мекемелерінде яғни кафелер, тойхана, кешкі клубтарға бармауын айтып, келеңсіз жағдайларға ұрынбауы ескертілді.

Қазан

«Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сыныптарда жолда жүру ережесі туралы тәрбие сағаттары мен «Сақ бол балақай» сурет байқауы мен «Жол оқиғасы кезіндегі алғашқы көмек» тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырылды. Кәмелетке толмаған оқушылар арасында жол көлік жарақаттануының алдын-алу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес "Қауіпсіз уйге жол" бейнеролигі байқауы өткізілді.

"Әкелер мектебінің" жоспарына сәйкес "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру" тақырыбында Әкелер жиналысы болып өтті.

Жиналыс барысында Арыс қаласы бойынша "Әкелер мектебінің" төрағасы Иман Қалиев және №32 Ә.Жангелдин мектебінің "Әкелер мектебінің" төрағасы Сүйеубек Ділдабеков Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі тақырыбында баяндама жасап, 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Жиналысқа Арыс АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры А. Мырзахметова қатысып, әкелерге құқықбұзушылықтың алдын- алу тақырыптары бойынша өткізіліп жатқан іс-шараларды айтып өтті.

«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыстар өтілді. Жиналысқа Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ полиция капитаны Б.Раев қатысып, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізе отырып, құқықтық сауаттылықтарын ашты.

"Арыс қаласы полиция бөлімінің" мамандары Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу тақырыбында жиналыс өткізді.

Жиналыс барысында Арыс қаласы полиция бөлімі басшысының орынбасары, полиция капитаны Сыздықов Асанхан баяндама жасап, нашақорлық, әлімжеттік, ұсақ бұзақылық, ұлдар арасындағы төбелес, ұрлық мәселелері талқыланды. Заң талаптарымен таныстырып өтті.

Қараша

«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың және жыныстық тиіспеушіліктің, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін, алаяқтықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау» тақырыбында жоғарғы сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді.

Кездесуге ААОА-ның акушер-геникологы А.Н.Акимкулова, ӘПСҚС меңгерушісі Ж.Қ.Абылова, Арыс АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры А.Мырзахметова, «Жастар ресурстық орталығының» психологы Д.Тәжі, мектепшілік әжелер алқасының мүшесі А.Асанова қатысып, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік пен өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілді.

"Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу" және телефон алаяқтарының айла-амалдарына түсіп қалмау туралы Арыс АПБ-нің бастығының орынбасары, полиция майоры Н.Набиалиев, Арыс АПБ-нің КПБ бастығы, полиция капитаны Д. Торетайұлы оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ДТІЖО Қ.Нәсір және АӘЖТД пәнінің мұғалімі Е.Аймурзаевтың ұйымдастыруымен оқушылар арасында "Қысқы кезеңдегі жағдайларда ТЖ алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға АҚМЖ-ның басқару органдары мен күштерін дайындау" тақырыбында «Қыс – 2023» республикалық командылық – штабтық оқу – жаттығуы өткізілді.

ДТІЖО Нәсір Қуаныш Орынбасарұлы және "Арыс қаласы полиция бөлімінің" кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Қарабаев Мақсат Құтжанбекұлы "Құқықбұзушылықтың алдын алу- басты міндет" тақырыбында мектеп оқушыларына кездесу өткізді.

Кездесу барысында құқықбұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық, кибербулингтің алдын-алу мәселелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қыздары арасында «Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында талқылау өткізілді. Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс- қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, тазалық қасиеттерді дамыту.

"Арыс қаласы полиция бөлімінің кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция майоры Қарабаев Мақсат Құтжанбекұлы мектеп оқушыларына Құқықбұзушылықтың алдын-алу, жолда жүру ережесі, жол қауіпсіздігі ережелерін және кәмелетке толмаған жасөспірімдердің көлік жүргізуіне рұқсат берілмейтіні қатаң ескертіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Білім бөлімінің» № 2861 шығыс хатына сәйкес «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында Республикалық онкүндік іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Онкүндік барысында мектеп оқушыларына онкүндіктің мақсаты таныстырылып, оқушылардың құқықтық мәдениетін, Бала құқықтары туралы ережелерді білуін, заң талаптарын бұзбай, өзіне жүктелген міндеттерді орындай білуге үйрету туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сынып жиналыстары өткізілді. Жиналыста «Балалардың құқықтары», «Ақпараттық қауіпсіздік», «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» тақырыбында бейне роликтер көрсетілді.

Желтоқсан

Жол қозғалысы ережесі бойынша "Үздік жол инспекторы" байқауы онлайн форматта ұйымдастырылып, нәтижесі жиналған қолдаушылардың лүпілі мен пікірі арқылы шешіледі.байқауға қатысушы 6 "Д" сынып оқушысы Мерекбай Гүлдарига.

Жол қозғалысы ережесі бойынша "Үздік жол инспекторы" байқауы онлайн форматта ұйымдастырылып, нәтижесі жиналған қолдаушылардың лүпілі мен пікірі арқылы шешіледі.байқауға қатысушы 6 "Ә" сынып оқушысы Мұханмедияр Нурила

жол қозғалысы ережесі бойынша "Үздік жол инспекторы" байқауы онлайн форматта ұйымдастырылып, нәтижесі жиналған қолдаушылардың лүпілі мен пікірі арқылы шешіледі.байқауға қатысушы 6 "Б" сынып оқушысы Абдукарим Айзере

"Даналық мектебі " клубы бағдарламасын іске асыру жоспарына сәйкес, "Әкелер мектебі"

"Ағасы бардың жағасы бар " тақырыбында сабақтарын өткізді.

Арыс АПБ-мен бірлесе "Үздік жас жол инспекторы" байқауы ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі жиналған қолдаушылардың лүпілі мен пікірі арқылы шешілді. Байқау нәтижесі бойынша

III орын 6" Б" сынып оқушысы Абдукарим Айзере мен

6 "Д" сынып оқушысы Мерекбай Гүлдарига,

II орын 6 "В"сынып оқушысы Полатбек Гауһар мен

6 Ж сынып оқушысы Махамбет Махмуд,

I орын 6 "Г" сынып оқушысы Заманхан Нұрдәулет пен

6 "И"сынып оқушысы Абусайт Айару,

Бас жүлдеге 6"Г" сынып оқушысы Бекназар Даниял ие болды. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау Арыс АПБ бастығының м.а. полиция майоры Н.Набиалиевтың Алғыс хаты мен естелік сыйлықтарын

ЖПҚ бастығының орынбасары полиция капитаны А.Сыздыков арнайы келіп табыс етті. Марапат құтты болсын, оқушылар!!!

«Түнгі қаладағы балалар» тақырыбында мектеп мұғалімдерінің қатысуымен күндізгі және түнгі рейдтер ұйымдастырылды. Рейд барысында ешқандай оқыс оқиға болған жоқ,мұғалімдер кесте бойынша рейдке шықты.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілер және мұғалімдер берілген кесте бойынша Әл-Фараби алаңына күндізгі және түнгі рейдке шықты.

Қаңтар

"Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы А.Дүйсен, "Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Р.Назарбай, ДТІЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларымен "Бала тәрбиесі отбасыдан басталады" атты тақырып жиын өткізді

"Әкелер мектебінің" төрағасы Сүйеубек Ділдабеков қатысып, мектеп оқушыларына тәртіп, тәрбие, түнгі рейд, құқықбұзушылықтың алдын-алу тақырыптары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаңтар айының 15-шы жұлдызында Арыс қаласы АПБ ЖПК ЮПТ УПИ қызметкерлерімен бірлескен «Құқықбұзушылық пен келеңсіз оқиғалардың алдын алу мәселелері» тақырыбында 8-9-10- сынып ұл балалары арасында жеке сыныптар бойынша жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында кешкі уақыттарда ата-ананың рұқсатынсыз көшедегі бей-берекет жүрмеу керектігі, келеңсіз оқиғаға ілікпеу туралы айтылды

Төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою жөніндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін одан ірі жетілдіру сондай-ақ жойқын жер сілкінісі туындаған кезде ТЖ жоюға азаматтық қорғаудың басқару органдарын күштері мен құралдарын дайындау мақсатында мектеп оқушыларын оқу жаттығу жиыны өткізілді.

Ақпан

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ф.Тұяқбаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Нәсір Вандализмнің салдары және оның қоғамға теріс әсері туралы мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп оқушылары арасында «Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысында

Арыс ІІБ -нің ЖПҚ КПИ УПИ-нің лейтенанты Азамат Жәнібек және ДТЖЖО Қуаныш Нәсір оқушыларға түнгі уақытта ата -аналарынсыз оқу кезеңінен тыс немесе оқу процесіне кедергі келтіретін уақытта жалдамалы немесе тұрақты жұмыс жасауын және мектеп жасындағы жасөспірім балалардың әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы А.Дүйсен, "Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Р.Назарбай , ДТЖЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларымен "Бала тәрбиесі отбасыдан басталады "атты тақырып жиын өткізді

Арыс 1 ст ЖПБ ӘПБ-нің аға инспекторы,полиция майоры Б. Акмулдаев және Арыс 1 ст ЖПБ ӘПБ-нің аға инспекторы,полиция капитаны К.Балхибеков, ДТЖЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларына "ҚАУІПСІЗ ЖОЛ" акциясы бойынша,оның ішінде Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу және темір жол аумағында оқыс оқиғалардың алдын алу шаралары заңсыз қарулармен,жарылғыш заттарды алып жүруге қатаң тыйым салынатыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Нашақорлықтың алдын алу,мектеп жанында белгісіз тұлғалармен түрлі заттар, темекі, алкоголь, басқа да күмән туғызатын заттардың сатылуына тыйым салынатыны туралы және Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы мен мәжбүрлі еңбек етудің алдын алу,балалар еңбегін пайдалануға жол бермеу тақырыптарында түсіндірме жұмыстары.

Арыс қаласының білім бөліміне қарасты N32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінде Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ -дің лейтенанты Е. Төлеш, Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ -дің полиция лейтенанты Е.Турдалы,педагог-психолог С.Калхаманова, ДТЖЖО Қ.Нәсір, әлеуметтік педагог А.Нұртай, мектеп мейірбикесі Т.Жандарбектің қатысуымен 11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын ұстану,нашақорлықтың алдын алу мен зияндары туралы хабардар ету,құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында , мектеп жанында белгісіз тұлғалармен түрлі заттар, темекі, алкоголь, басқа да күмән туғызатын заттардың сатылуына тиым салынатыны туралы және Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы мен мәжбүрлі еңбек етудің алдын алу,балалар еңбегін пайдалануға жол бермеу мәселелері тақырыптарында түсіндірме жұмыстары өткізілді.

📖 **Мақсаты:** Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, құқықбұзушылықтың алдын алу, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру;

📖 **Нәтижесінде** оқушылар салауатты өмір салтын ұстап, өз өмірлеріне, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау керектігін ұғынды.

айының 8 жұлдызында 5-6-7 сынып ұл балаларына аталған жиналыс жүргізілді. Онда кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 23.00-ден таңғы 06.00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз үй жайдан және кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін заңды өкілдерінсіз ойын- сауық мекемелерінде болмауын және келеңсіз жағдайларға ұрын

Наурыз

1-Наурыз -Дүниежүзілік азаматтық қорғау күнін өткізуге арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сабақтар өткізілді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың және электро скутер бойынша, нашақорлықтың, вейпинг, темекі шегу, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары.

📖 Арыс қаласының білім бөліміне қарасты N32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушылары ұлдары арасында Әкімшілік құқық бұзушылық, электро скутер бойынша, нашақорлықтың, вейпинг, темекі шегу, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ -дің капитаны А.Жәнібек, Арыс АПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ -дің полиция лейтенанты Қ.Назаров түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

📖 **Мақсаты:** Әкімшілік құқық бұзушылық пен электро скутер , нашақорлық, вейпинг, темекі шегудің, буллинг пен кибербуллингтің, құқықбұзушылықтың алдын алу, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру;

📖 **Нәтижесінде** оқушылар өз өмірлеріне және өзгенің өмірлеріне зиян келтірмей, жауапкершілікпен қарау керектігін ұғынды.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Нәсір және АӘД пәні мұғалімі Е.Аймурзаевтің ұйымдастыруымен

9 -11 сынып оқушылары арасында Экстремизм мен терроризмді насихаттайтын интернет ресурстары мен әлеуметтік желілердің жасөспірімдерге тигізетін қауіптілігі жөнінде ақпараттық бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

☒ Мақсаты: Жастар арасында діни экстремизм мен терроризм жайлы түсінік беру. Діни ағымдардың қоғамға әсерін көрсету. Әлемде болып жатқан террористік әрекеттер туралы ой түйю. Жастардың діни ой-санасын дұрыс қалыптастыруға бағыттау

"Діни экстремизм мен терроризмнің " алдын алу мақсатында Тарих пәнінің мұғалімі Толқын Қадырованың ұйымдастыруымен 9 сыныптар арасында пікір - сайыс өткізілді.

☒ Пікір - сайыс барысы:

Оқушылар 3 топтан құрылды және 4 тақырып берілді.

1. Дін және дәстүр сабақтастығы.

2. Діни сауаттылық қоғамның тұрақты дамуының кепілі.

3. Дін және қоғам

4. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары.

☒ Нәтижесінде: Оқушылар жоғырадығы көрсетілген тақырыптар аясында пікір - талас өз мәресіне жетті.

3 топтың 2 тобы финалға шығып 1 және 2 орын иеленді. Аталған топтарға Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

Сәуір

Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысында

мектеп инспекторы Биболат Раев және ДТЖЖО Қуаныш Нәсір оқушыларға түнгі уақытты ата -аналарынсыз оқу кезеңінен тыс немесе оқу процесіне кедергі келтіретін уақытта жалдамалы немесе тұрақты жұмыс жасауын және мектеп жасындағы жасөспірім балалардың әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы А.Дүйсен, "Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Р.Назарбай , ДТІЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларымен "Бала тәрбиесі отбасыдан басталады "атты тақырып жиын өткізді

"Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы А.Дүйсен, "Ішкі саясат бөлімі" ММ "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің мекемесінің теолог маманы Р.Назарбай , ДТІЖО Қ.Нәсір мектеп оқушыларымен "Кел талқы LIKE! " тақырыбында діни экстремизмнің алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия төрағасының бұйрығына сәйкес, 11"Б" сынып жетекшісі Е.Аймурзаев оқушыларға суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

ДТІЖО: Қ.Нәсір